

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 42 (837) 12 қараша 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha\_tan@list.ru

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

## ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Биыл Алтайдан Алатауға дейін ұлан – ғайыр жерді мекен еткен ата – бабамызға сан ғасыр арман болып, бүгінде айнымас ақиқатқа айналған тұғырлы тәуелсіздігімізге 30 жыл толмақ. Бұл мереке мемлекетіміз үшін қастерлі де құнды. 2021 жыл тарих қойнауына егемен еліміздің үш онжылдықта қол жеткізген табыстары мен жетістіктерін екішеп енері анық. Мемлекетіміз осыншалықты қысқа мерзімде елдіктің көшін түзеп, ғасырға жуық уақыт еншісінде жүзеге асатын тарихи, әлеуметтік, рухани, саяси, экономикалық маңызы бар үдерістерді салқалы сара жолды таңдай отырып абыроймен өткергенін мақтан етеміз.

Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев «...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты оқиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін» - деп жас мемлекеттің қарқынды даму үдерісіне оң баға берді. Мемлекетіміз әлемге паш еткен тәуелсіздік даңғылымызға қайта көз жүгіртіп өткеніміз абзал болмақ.

Президент Қасым – Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөле қарастырып, әр белесте атқарылған саяси - әлеуметтік маңызы басым қадамдарды жіктеп көрсетті. Отыз жылда егемен мемлекетіміз үшін атқарылған игі істердің баршасы да маңызды. Мақалама сол игілікті қадамдардың біраз бөлігін арқау етпекпін. Осыдан 30 жыл бұрын әлем картасына Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде енгізілді. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заң қабылданып, халқымыздың егемен елімізге деген сенімі арта түсті. Отандық тарихымыздың кемел оқиғасы – Конституциялық Заңы қабылданып, жас мемлекеттің болашаққа бағдары айқындалды. 1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің бүкілхалықты сайлауы өткізілді.

Тәуелсіздігімізді тұғырлы етуде кемел қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қабылдады. Ұлт тілі халықтың мәңгілік жасампаздығының белгісі болып қала бермек. Ана сүтімен бойымызға дарып, санамызға сіңген қасиетті тіліміз жойылса, тәуелсіздігіміз де тұрлаусыз болмақ. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз Жолдауында: «Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз - оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толығырақ түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл - өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет», - деп киелі ана тілімізді ұрпақтан – ұрпаққа жеткізуді аманат етеді. 1991 жылдың 29 тамызында тұңғыш рет Қазақстан Республикасының ядролық полигонды жабу туралы бұйрығына қол қойылып, ядролық қарудан бас тартқан алғашқы мемлекет ретінде бүкіл әлем қауымдастығын ядролық қарудан азат әлем қатарына қосылуды үндеді. 1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақ КСР-ы атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертіліп, егемендігіміздің тағы бір айғағы айшықталды. Тәуелсіздік жылдарында ұлттық валютамыз теңге айналымға еніп, экономикалық дағдарыстан біріндеп шыға бастады. Іргесі жаңа қаланған жас мемлекеттің қорғанысын күшейту мақсатында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуы да еркіндігіміз бен егемендігіміздің нығаюына жасалған қадам болды. Бәсекеге қабілетті елдер көшінен қалыспай, жаңандық өзгерістерге бейім болуды көздеген мемлекетіміздің бағдарлы дамуы үшін «Қазақстан – 2050» стратегиясы қабылданды. Стратегияның әр бағыты бойынша «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму», «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» сынды әлеуметтік маңызы зор бағдарламалар жүзеге асырылды.

Сөз соңында мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласындағы: «Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз», - деген сөзін өскелең ұрпаққа тасталған ұран деп тұжырымдаймын.

Арман Карбайқызы БЕКОВА,  
КММ «Краснокиевка негізгі мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

## ВОЛОНТЕР БОЛУ – ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

«Nur Otan» партиясы Тайынша аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары М.Ж. Хамзин, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Г. С. Сабирова «Bigemiz» жалпұлттық еріктілер қозғалысының дамуына қосқан үлесі үшін Анастасия Мамроға облыс әкімі орынбасарының атынан Алғыс хат, «Үздік волонтер» арнайы статуткасы мен 30 мың теңгелік сертификат табыс етті.



Айта кеткен жөн, өткен жыл ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен «Волонтер жылы» болып жарияланған еді. Жалпы «Ерікті» сөзі халқымызда бұрыннан бар. Жұртшылықтың жылы лебіздерін алып, қайырымды істің жаршысы бола білген волонтер-азаматтардың қатары жыл сайын артып келеді. Бұл – өте қуантарлық жағдай. Мұндай игі бастамалар адамның бойында жауапкершілік, ынтымақтастық, бір-біріне көмек қолын созу сынды қасиеттерді қалыптастыруға септігін тигізеді.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ.

## ҰЛТТЫҚ ТІЛ – ҰЛТТЫҢ АР-НАМЫСЫ

Қоғамды толғандырып, толқытып жүрген мәселе жетерлік. Соның ішіндегі ең маңыздысы, ең қасиеттісі – мемлекеттік тіл мәселесі. Ашығын айтайық, бір-бірімізді алдамайық. Қазір қазақ тілі сан салалы тірлігіміздің басым бөлігінде сұраныстан мүлде тыс қалды. Орыстілді отандастарымыз оны қажетсінуді қойып, тіпті менсінбеуге айналды. Неге? Өйткені тәуелсіздігімізді алған уақыттан бері «Мемлекеттік тілді дамытамыз» деп алған бағдарламалар жасадық, әрқайсысының іске асуының мерзімін белгіледік.

Өкінішке қарай, соның бәрі ұмытылды, нәтижесі – нөлге жуық. Мемлекеттік деңгейдегі көзбояушылықтың, жауапсыздықтың, негізсіз әсіре, сақтықтың кеселі, Отан алдындағы, ел алдындағы парыздың адыра қалуының кесірі бізді сондай сорақылыққа душар етті. Мемлекеттік тіл қажеттілігі ешкімнен талап етілмейтін болды, оған ешкім жауапты болмайтынға айналды. Миллиардтаған қаржы желге ұшты, қазір де сол сорақылық жалғасын табуда. Соның басты бір себебі – істәблшментіміздің «Қазақстан – көпұлтты мемлекет» деген жалғандықты ресми фактор түрінде көрсетуді әдет қылып алуында. Ондай әдеттің әбден үстем болып алған бетсіздік саясаты екенін де, қазақстандық кез келген диаспораның сыртта өз Отаны бар екенін де бәріміз білеміз, бірақ, Қазақстаннан басқа Отаны жоқ қазақтың обалын ешкім ойламайды. Бұл тұрғыда Қазақстан халқы Ассамблеясы да жұмған аузын бір ашқан емес. Ондай салғырттықпен, өтірікпен, ондай аярылықпен өркениет-ке қалай жетпекпіз?! Үш тұғырлы тіл саясатын да ойлану керек бізге. Тілдерді жастай үйрену дұрыс-ақ. Бірақ, оның ғылыми негізі қайда? Оны түрлі академиялық зерттеулерден өткізіп, арнайы ғылыми кеңестерде барынша талқылап, шетелдік тәжірибелерді әбден сараптап саралап барып қана жолға қоюымыз керек еді ғой. Өйтпедік. Елбасымыздың тілдер турасында жасаған сол ұсынысын біз бұйрық түрінде қабылдап, бірден орындауға кірісіп кеттік. Мемлекеттің, ұлттың тағдыры мен болашағы тұрғысынан қарағанда, сүйінішінен өкініші көп шаруамыздың бірі – сол. Ұлттық зғосы мүлде қалыптаспаған үш жасар балаға балабақшадан бастап шет тілі оқытылатындықтан, бүгінгі ұрпағымыздың тілі барған сайын шұбарлана түсуде. Жыл өткен сайын ұлтсыз дүбара ұрпақ саны ұлғайып барады. Қаладағы қазақ мектептерінің оқушылары да орыстанып бара жатқанын неге ескермейміз? Керісінше, орыс мектептері оқушыларының қазақ тілінен мүлде мақұрым екендігі неге айтылмайды? Ол шындықты неге жасыруымыз керек?! Тегінде, мемлекеттік тілден өзге тілдерді меңгеру әркімнің өз еркінде емес пе еді? Оны әркімге, әр оқушыға зорлап таңудың заңсыз екенін де ойлауды қойдық. Бәрінен бұрын, ол осыздық – қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне, өнеріне жасалып жатқан қастандық. Өйткені бәрінің



алтын өзегі – тілде. Бүгінгі таңда қазақтілді бұқараның, оның ішінде, әсіресе қазақ жастарының көшеге шығып, билікке өз наразылығын білдіріп жатуының басты бір себебін мемлекеттік тіліміздің солайша ескерусіз, сұраныссыз қалуынан да іздеу қажет екенін қашан түсінеміз?! Сол жастар баспана мен жұмыссыздыққа ғана емес, унитарлық мемлекетіміздің бірден-бір қамқор жүйесі ретіндегі қазақтың тілдік қадірінің қашқанына да бек қорланады. Өз мемлекеттік тілінің әлеуметтік әр салада босағадан сығалаған жетім баладай өз Отанында өксікті күй кешуі – ұлтты ересен ашындырады. Өйткені ұлттық тіл – ұлттың өзі, оның арнамысы. Болашағы. Ендігі билік ең әуелі соны ойласын. Қазақ тілінің Отаны – жалғыз, қазақстан ғана. Соны бір сәт те жадымыздан шығармауымыз керек. Мемлекеттік тіл онсыз да отыз жылдай сергелденді бастан кешті. Сондықтан, алдағы бес жыл бола ма, он жыл бола ма, мемлекеттік тілді барша тұрғындардың меңгеруінің соңғы мерзімін нақты белгілеуіміз шарт. Адам баласынкі секілді мемлекеттің де барша тірлігі – ой арқылы пайда бола-ды, ой арқылы сөйленеді, ой арқылы істелінеді, ой арқылы жүзеге асады. Ал ой дегеніміз, Абайша айтсақ, – «қаріпсіз-дауыссыз» сөз. Сөз дегеніміз – тіл, тіл дегеніміз – рух. Егер біз ел рухының мықтылығын – бақыт, ел бірлігін – мақсат, «Мәңгілік ел» идеясын мұрат тұтсақ, онда мемлекеттік тілдің тағдыры қашанда бірінші орында тұруға тиіс. Мемлекеттік тілді білу – еліміздің әр азаматының да, елге жұмыс іздеп тұрақты мекендеуге келген әр шетелдіктің де міндеті мен парызы болмағы абзал. Ата Заңда солай бекітілуі керек. «Ырыс алды – ынтымақ» дейді халқымыз, ынтымаққа ұйытқы ретіндегі мемлекеттік тіл құндылығы негізінде топтаса ойлаған-сөйлеген халық қана бірлікте болады

Тыныштықбек ӘБІДКӘКІМҰЛЫ,  
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.



## СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Мемлекеттік органдар арасындағы хат алмасу, жиналыстарды өткізу, жиналыс хаттамаларын жүргізу тілі Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 1-тармағы мен тіл туралы заңның 4-бабына сәйкес, мемлекеттік тілде жүргізілуі керек. Сондықтан, қазақ тілінің сот жүйесінде алатын орны ерекше. Сондықтан, әрбір соттардағы кіріс-шығыс, құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің, қазақ тілінде қаралып жатқан істердің үлес салмағы, судьялар мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлері арнайы бағамдар бойынша сараланып отыр. Яғни, заң бойынша мемлекетімізде сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Қажет болған жағдайларда ғана, қазақ тілімен қатар өзге тілдер қолданылуы мүмкін.

Қазіргі таңда соттарда ішкі құжат айналымын мемлекеттік тілге көшіру жолға қойылып, әрбір істі қазақ тілінде қарап, мемлекеттік тілде шешім шығаруға мүмкіндік мол. Сондықтан, еліміздегі әрбір сотта мемлекеттік тіліміздің мерейі үстем.

Сот істерінің басым бөлігінің ресми тілде жүргізілуі себептерінің бірі, сотқа жүгінушілердің мүддесін қорғаушы адвокаттар, заңдық көмек көрсетуші өкілдердің қазақ тілін жетік білмеуінен. ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексінің сот ісін жүргізу тілі, сотқа талап арыз берілген тілге қарай, сот ұйғарымымен белгіленетіні көрсетілген. Бұл дегеніміз, сотқа талап арыз қай тілде берілсе, іс сол тілде қаралып, сот актісі де сол тілде қабылданады деген сөз. Айтар болсақ, орыс тілін жай ауызекі сөйлесуде ғана білетін сот процесіне қатысушылар, сот процесі кезінде өз ойларын толық жеткізе алмай қиналатын тұстары жиі болып тұрады. Алдын ала тергеу мемлекеттік тілде жүріп, прокуратура өкілдері қазақша сөйлесе, талап арыз осы тілде жазылса, істі қазақ тілінде қарауға қуана келісетін едік.

Жоғарыда атап өткен мән-жайларға сүйенетін болсақ, әрбір сотқа жүгінуші азамат, сотта қаралатын мемлекеттік тілдегі істердің көрсеткішіне өз үлесін қоса алады. Өйткені, сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша, сотқа талап арыз берілген тілге қарай сот ұйғарымымен белгіленеді.

**Секербай ҚАСҚАРБАЕВ,**

Тайынша ауданының №2 аудандық соты.

## ЭССЕ БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Петропавлда «Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл: тарих және қазіргі заман» атты облыстық эссе байқауының қорытындысы шығарылды.

Облыстық Антикор басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин байқаудың негізгі идеясы облыс оқушылары арасында белсенді азаматтық ұстанымды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, сондай-ақ олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқықтық сауаттылығын дамыту екенін атап өтті.

Мемлекеттік және орыс тілдерінде өткен байқауға 9-11 сыныптардың 50-ден астам оқушысы қатысты.

Қорытындысы бойынша қазылар алқасының шешімімен өз жұмыстарында креативтілік, тапқырлық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында терең ойлау қабілетін танытқан эссе авторлары түрлі дәрежелі дипломдармен марапатталды.

9-11 сынып оқушылары арасында үшінші орынды иеленгендер:

1. Исенова Сақып – «№5 Тайынша орта мектебі» КММ 11 сынып оқушысы, Тайынша ауданы;
2. Исмагулова Карина – «Академик Е.А.Бөкетов атындағы мектеп-гимназиясы» КММ 10 сынып оқушысы, Шал ақын ауданы;
3. Дюсенбай Мәлдір – «№2 Бескөл орта мектебі» КММ 9 сынып оқушысы, Қызылжар ауданы;
4. Қалиахмет Сабина – «Академик Е.А.Бөкетов атындағы мектеп-гимназиясы» КММ 9 сынып оқушысы, Шал ақын ауданы.

9-11 сынып оқушылары арасында екінші орынды иеленгендер:

1. Досанов Дамир – «Рузаев орта мектебі» КММ 11 сынып оқушысы, Ғ.Мүсірепов атындағы ауданы;
2. Ахтаева Дария – «Кеңес орта мектебі» КММ 10 сынып оқушысы, Шал ақын ауданы;
3. Ғаббасова Гүлжайна – «Кеңес орта мектебі» КММ 9 сынып оқушысы, Шал ақын ауданы;
4. Мусина Мерей – «Ақтүйесан орта мектебі» КММ 9 сынып оқушысы, Уәлиханов ауданы.

9-11 сынып оқушылары арасында бірінші орынды иеленгендер:

1. Власенко Владислав – «№1 Новоошимка орта мектебі» КММ 11 сынып оқушысы, Ғ.Мүсірепов атындағы ауданы;
2. Ерик Алтынай – «Андреев орта мектебі» КММ 10 сынып оқушысы, Ғ.Мүсірепов атындағы ауданы;
3. Рысова Нүргүл – «Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебі» КММ 9 сынып оқушысы, Мағжан Жұмабаев ауданы.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ - ШАҒЫН БИЗНЕСТЕ



«Нұр Отан» партиясы кеңсесінің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Г.Бәтенова, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат істері басқармасының өкілдері – бөлім басшысы Әсем Сүлейменова, бас маманы Әсел Бимаханова, облыстық тілдерді оқыту орталығы директорының орынбасары Орал Сәбитұлы Жанатов, СҚО бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының халыққа қызмет көрсету жөніндегі Тайынша аудандық бөлімінің басшысы Антон Түпицынның қатысуымен «Қазақ тілі шағын бизнесте» тақырыбында облыстық семинар-тренинг өткізілді.

Семинар-тренингте алғашқы сөз алған аудан әкімінің орынбасары Г.Бәтенова:

«Бүгінгі күні шағын және орта бизнесті дамыту ел экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды факторлардың бірі болып табылады. Бизнес саласында қазақ тілін қолдану маңызды мәселе болып отыр. Сондықтан осы бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыру керек. Адамдар түрлі қызмет түрлерін қазақ тілінде көрсетуді талап ететін жағдайлар жиі кездеседі. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат істері басқармасы осы мәселеге барынша назар аударады. Қазақ тілінде мәтіннің немесе ақпараттың сауатсыз жазылғанын жиі кездестіруге болады, сондықтан басқарма мамандары тіл саласында ҚР Заңнама нормаларын түсіндіру бойынша акция өткізеді, көрімделген ақпаратта қателерді тексеру бойынша рейдтер жүргізеді. Биыл мамандарға көмек ретінде халыққа қызмет көрсету саласының мамандары үшін орысша-қазақша сөздігі әзірленді, оларды бүгін семинарға қатысушыларға таратып береміз. Облыстық тілді оқыту орталығында тегін курстар өткізіледі, - деп аудан әкімінің орынбасары Гүлбаршын Қажарманқызы ерекше атап айтты.

Келесі кезекте мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат істері басқармасының маманы Ә.Бимаханова бизнес пен тілге қатысты ҚР Заңнамасының баптары-

на толығырақ түсініктеме берді. Әсел Тұрсынбаева әр мемлекетте өзінің мемлекеттік тілі болатынын атап өтіп, бірқатар мемлекеттер бойынша негізгі ұлттық тілін қолданатын жағдайларға нақты мысалдар келтіре отырып, республикамыздағы қазақ және орыс тілдерінің құқықтық мәртебесі туралы әңгімені жалғастырды.

«Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы – мемлекеттік тілді меңгеру, бұл Қазақстан халқын біріктірудің маңызды факторы болып табылады. Үкіметтік және мемлекеттік органдар, жергілікті өкілдік және атқарушы органдар барынша мемлекеттік тілді дамытып, оның халықаралық беделін нығайтып, тілді еркін меңгеру үшін барлық қажетті жағдайларды жасап, қазақ диаспорасына туған тілін сақтап және дамытуда көмек көрсету керек, - деп маман қызмет көрсету саласының мамандары үшін, РФ-ның Қазақстанмен шекаралас орналасқан аумағында тұратын қазақ ұлты халықтарын қолдау ретінде тіл курстары ашылғанын тілге тиек етті.

Бизнес саласын дамыту туралы сөз қозғағанда, мемлекеттік қызметтің сапалы көрсетілуіне басты назар аудару керек, осы жерде мемлекеттік тілде қызмет көрсетуді атап өткен жөн. Осы бағытта халыққа қызмет көрсету орталықтары көп жұмыс атқарады. СҚО бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының халыққа қызмет көрсету жөніндегі Тайынша аудандық бөлімінің басшысы А.Түпицын атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті.

«2021 жылы филиал 27 372 мемлекеттік қызмет көрсетті, оның ішінде 35 пайызы қазақ тілінде. Көбінесе бұл қызмет түрлері АХАЖ бағыты бойынша ұлттық қазақ дәстүрі бойынша баланың туу туралы куәлігін алуда кездеседі, - деп мәлімдеді А.Түпицын. Сонымен қатар, ол филиалдағы жаңа тәртіп туралы сөз етті. Келесі кезекте семинар қатысушылары қазақ тілі бойынша тренинг жүргізді. Жиналыс соңында қарастырылған тақырыптар талқыланып, семинарға келген қатысушылар сұрақтарына жауап алды.

**Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ.**

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Осындай үндеуді оқу орындарының басшыларына «Саналы ұрпақ» студенттік клубтарының слетінде Солтүстік Қазақстан облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин жасады. Бұл тақырыпты Алматы қаласы «ISO енгізу агенттігінің» директоры Анатолий Бандуро кеңінен ашып, түсіндірді, ол жоғары мектепте сыбайлас жемқорлықты қабылдамау бойынша шешім қабылдау тәжірибесі туралы айтып берді.

«ISO 37001 – халықаралық стандарт. Бұл ұйымдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды басқаруға көмектеседі. Стандарт сыбайлас жемқорлық әрекеттерін анықтауға және алдын алуға, қолданыстағы бақылауды күшейтуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын басқару жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару мәдениетін қалыптастыруға ықпал етуге мүмкіндік береді», - деп атап өтті Бандуро.

«Саналы ұрпақ» студенттік клубтарының слеті онлайн форматта университет пен колледждердің 300-ге жуық студенттерін біріктірді.

Әрбір жобалық кеңсе ағымдағы жылдағы клуб жұмысымен таныстырып, осы оқу жылына арналған жоспарларымен бөлісті. Олар бейнероликтер жасау, викториналар мен семинарлар өткізу, «Таза сессия», «жатақханалар мониторингі» және «сенім телефоны» сияқты акциялар өткізу туралы айтып берді.

Облыстық жобалық кеңселерінің белсенді мүшелері-

не «Саналы ұрпақ» ерікті студенттік клубтарының слетіне қатысқаны үшін сертификат берілді.

Слетте «Nur Otan» партиясы «Болашақ» филиалы төрағасының бірінші орынбасары Зель Александр сөз сөйледі. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия, әдеп кодексі, академиялық саясат және академиялық адалдық ережелері, ішкі қамтамасыз ету саясаты мен стандарттары, ашықтық пен ашықтықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сапасы сияқты оқу орындарының жұмысына бірқатар енгізулерді атап өтті, әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті институттың іске қосылғанын атап өтті.

Слеттің қорытынды бөлімінде «Саналы ұрпақ» республикалық жобалық кеңсесінің жетекшісі Қайыржан Тоқышев слетті ұйымдастырудың жоғары деңгейі үшін алғысын білдіріп, студенттер жария еткен мәселелердің маңыздылығын атап өтті және оларды шешу бойынша ұсыныстарды мақұлдады. Сонымен қатар, әрбір оқу орнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша бағдарлама әзірлеп, бекітуді, сондай-ақ «Саналы ұрпақ» клубтарының мүшелерін кеңейту үшін үгіт-насихат іс-шараларын күшейтуді ұсынды. СҚО-да студенттер сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдайтындығы және болмысымызды тек жақсы жаққа өзгертуге дайын екендігі қуантады.

СҚО бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің баспасөз қызметі.





● Эссе

## «ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ҚҰРДАС-КӘСІПОДАҚ»

Кәсіподақ- еңбек адамдарының мұң-мұқтажын, мүдделерін, еңбек құқығының бұзылмауын қандағалап, қолдау көрсететін басты ұйым. Елімізде болып жатқан түрлі жетістіктерге кәсіподақ ұйымдарының қосып жатқан үлестері мол.

«Еңбек адамына-лайық өмір»-деген қағида бұл қарапайым адамдарға арналған ұран емес, әрбір азаматтың еңбек ету ұстанымы. Осы мақсатта біздің балабақшамызда ел қатары кәсіподақ ұйымы жұмыс жасауда. Мен сол ұйымның белсенді мүшесімін. Кәсіподақ төрайымы Шылдыкенова И.С.- тәжірибелі, әр қызметкерге жаны ашитын адамгершілігі мол адам. Адамзат үшін маңызды болған қамқорлық, қорғау, мадақтау, сүйеу болу құндылықтары ұйымның ең басты бағыттары болып табылады. Кәсіподақ қозғалысын жетілдіру ретінде қордаланған мәселені заң шеңберінде шешіп, адам өмірі мен еңбек жағдайын жақсартуға ат салысудамыз. Тәуелсіздікпен кәсіподақ қатар жүріп ел және еңбекші халықтың игілігі үшін дамып келе жатқан қос құрдас. Қадамдарын нық басып күшейіп, гүлденіп, дамып келеді. Тәуелсіздік- біздің құндылығымыз, кәсіподақ-қоғамның тірегі. Бастауыш білім беру негізінің кірпіштері мектепке дейінгі мекемеде қалануы рас.Осыған орай елімізде көптеген мектепке дейінгі мекемелер салынғаны қуантады. Нәтижесінде мұғалімдерге және басқа маман иелеріне жұмыс орындары пайда болды. Ата-аналар барлық жағдай жасалған бақшаға балаларын әкелуге қуанышты. Биыл балабақшамызбен кәсіподағымыздың мерейтойы. Осыдан он жыл бұрын балабақшаТәуелсіздік мерекесінде пайдалануға берілген болатын. Қазіргі таңда балабақшадағы 12 топта балғындар мектепке дейінгі тәлім-тәрбие алуда. Тәуелсіздіктің таңымен бірге арайлап келе жатқан ұжымның бағындырар биіктері әлі алда. Өскекең ұрпақты тәрбиелеу үшін бақшамызға керек-жарақ жабдықтар, ақпараттық стендтер, заманауи технологиялармен үкімет қамтамасыз етсе,ойын алаңдарын реттеу, бақшаның айналасындағы гүлзарларды жасау,қабырғаларға көркем суреттер салу жұмыстарын кәсіподақ бас болып ұйымдастырды. Бұл ұжымның өзегі болған кәсіподақ ұйымының сіңірген еңбегі деп білемін. Кәсіподақ ұйымы қызметкерлерді шығармашылық қабілеттеріне сай аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларға бағыттап, серпін мен қуат береді. Ауыз толтырып айтарлықтай жітістіктеріміз де мол. Биыл аудандық білім беру бөлімінің кәсіподақ жетекшісі Бейсенбаева А.Б. қолдауымен облыстық байқауға қатысып: «Үздік кәсіподақ ұйымы» атанып, жүлделі 1-орынды жеңіп алды. Түркістан қаласында өткен Республикалық деңгейдегі байқауда жетекшіміз Шылдыкенова И.С. қатысып, ұжымымыз алғыс хатпен марапатталды. Тәуелсіз еліміз және кәсіподақ қызметі бірлігімізді жандандырып, ынтымағымызды арттырып, қуатымызды бекемдей түсуде. Осынау жарық дүниеде ұстаздан артық құрметті жан болмаса керек. Ақын да, ғалым да, инженер де, дәрігер де ұстаздың тәлім тәрбиесінен өсіп-өнеді, өркенін жаяды.Ел Президенті Қ. Тоқаев: «Кәсіподақтар еңбегі-мәртебелі миссия, аса маңызды институттің бірі» деп айтқандай, қойылған миссияны бірге ақтауға тырысайық! Біздің күшіміз-бірлікте достар!

\*\*\*

Біздің балабақша – бұл сүйкімді, аяулы, ақылды, көңілді, көрікті, өнер мен білімге құштар білдіршіндердің алтын ұясы. Бақшадағы әр бала үшін жасаған іс-әрекетіміз осы білдіршіндердің дамуы мен жетілуіне бағытталады. Балабақшаның басты міндеті — бала тәрбиелеу, яғни балаға сапалы білім мен саналы тәрбие беру. Бұл мақсатты тікелей іске асыруды ұйымдастырып, жетекшілік етіп отырған балабақша меңгерушісі Г.О. Гизеева . Ол кісінің қызметкерлерге сыйластықпен қарай отырып, тәрбиеші және педагогтердің білімі мен біліктілігін көтеріп, еңбегін бағалап, мадақтап отыратын адами қасиеттері бар. Балабақшада барлық маман иелері бар. Біздің ұжым мүмкіндігінше облыстық, аудандық сайыстарға да қатынасып отырамыз.

**Қапашева Назигуль Какманқызы**, «Болашақ» бөбек-бақшасының қазақ тілі мұғалімі. Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы және «Жүзден жүйрік» облыстық фестиваль байқауының,«Жаңашыл-ойға шебер ұстаз» номинациясының жеңімпазы.

## МҰРАҒАТ – ТАРИХ АЙНАСЫ



Мұрағат немесе Архив (лат. archivum) – тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын мемлекет арнаулы мекеме. Мекемелердің ескі құжаттарын сақтайтын бөлімі немесе жеке тұлғаның өмірі мен қызметіне байланысты жинақталған жәдігерлер жиынтығы да архив делінеді.Архив қызметінің басты бағыттары: қор жинақтау, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, қор құрамын зерттеп, жүйелеу, ғылым анықтамалар мен көрсеткіштер жасау; құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру және жария ету. КСРО дәуірінде архив социализмді дәріптеудің идеологиялық құралы болды. Республикадағы барлық құжаттар айналымының 10%-ға жуығы коммунистік құндылықтар тұрғысынан мұқият сұрыпталып, мемлекет сақтауға – архивке жинақталды. Құжаттардың біржақты іріктелуінің салдарынан Қазақстанның шынайы тарихын бейнелейтін аса бағалы деректер архивке түспей, біржола жойылып отырды. Ал архив қорындағы құжаттардың басым бөлігі түрлі жасанды шектеулер қою арқылы зерттеушілерге берілмеді. Қазіргі архивтерде дәстүрлі қағаз құжаттардың түпнұсқаларымен және көшірмелерімен қатар фото-киноматериалдар, дыбыстық және бейнежазбалар, ақпараттық барлық жәдігерлер түрлері сақталады.Сондай ерекше еңбек орны «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат істері басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік

мұрағаты» КММ Тайынша аудандық филиалы. Бүгінгі таңда директоры Ю.Благовисная. Тайынша аудандық мұрағатында ақын, еңбек ардагері, тыл еңбеккері, Ресей жазушылар Одағының мүшесі В.Машовецті еске алуға арналған іс-шара өтті. Аталмыш шараға жерлесіміздің туыстары шақырылып, қала мектептерінің оқушылары қатысты. Мұрағат қонақтарының назарына Виктор Лукичтің балаларының сақтауға тапсырған фото суреттер, кітаптар, қолжазбалар, құжаттар көрмесі ұсынылды. Енді бұл мәліметтер мұрағат қорында сақталады, және автор шығармашылығына қызығушылық танытқан кез келген адам олармен таныса алады.Оқу залында жиналған қонақтарды «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат істері басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» КММ Тайынша аудандық филиалының директоры Ю.Благовисная қарсы алды. Филиал автордың 65 қолжазба жинақтары мен өзге материалдарын сақтауға алған. Қатысушыларды В.Машовецтің өмірбаянымен мұрағатшы А.Нестерова таныстырып өтті.Жас ұрпақ үшін мұндай кездесулер өте пайдалы. Ал, мұрағатта сақталған әр құжаттың өзіндік тарихи мен сыры, әрине, баға жетпес құндылық деп білеміз. Шынымен де, мұрағат – тарих айнасы.

«Тайынша таңы»

газетінің өз ақпараты.

## БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫГЕЗДІК

Балалар адамзат қоғамының ең қорғансыз бөлігі, оларға аса үлкен қорғаныш әрдайым қажет етіледі. Балалар арасындағы қатыгездіктің белең алуы, әрине, тәрбие мен қоршаған ортасына байланысты екені белгілі. Ал, балалар арасындағы қатыгездіктің туындауының бірнеше себептері болады. Олар: балалардың жеке басының қорлануы, соққыға жығылуы, психологиялық қысым жасалуы және тағы басқа жағдайлар болуы мүмкін. Бұл мәселелер тек отбасының ғана жеке мәселесі емес, ол қоғамның, мемлекеттің көмегін қажет ететін құбылыс.

Осы құбылысты болдырмау үшін оның алдын- алу шаралары ұйымдастырылуы керек. Балалар ең алдымен отбасынан үлгі алатын болғандықтан отбасындағы жағдай мен отбасы мүшелелерінің өзара қарым- қатынасы да баланың санасы мен іс- әрекетіне елеулі әсер етеді. Балалар арасындағы қатыгездіктің туындауының отбасымен байланысты бірнеше себептер бар. Олар:отбасында берекенің болмауы; түсінбеушіліктер мен ата-ана тарапынан қамқорлықтың жетіспеуі;балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының дұрыс игере алмау проблемалары.

Осы мәселелерді қарастыра келе балалар арасындағы қатыгездікті болдырмау мақсатында ата-аналар мен ұстаздар тарапынан орындалатын қатыгездік жолдарын алдын- алу мәселелері: Әрдайым баланың жеке көзқарасының ескеріліп отыруы; ата- ана тарапынан әрдайым жылуды сезінуі; қандай жағдай болмасын қолдау көрсетуі; жеке талап қою әдістемесі оқушы-

ның өзіне деген сенімін бекіте түсу үшін оның мүмкіндігіне қарай жүктемелерін беру; сынып ұжымында оқушының беделін, оның мектепке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру. Осы аталған қатыгездіктің алдын- алу жолдары үнемі ескеріліп отырса, балалар денсаулығы мен өмірлері қауіпсіздікте болады. Көп жағдайларда баланың жеке көзқарасы мен талаптары орындалмау себебінен жасөспірімдер арасында келіспеушілік туындап жатады. “Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын”,- деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай баларымызды талбесіктен тәрбиелей отырып оның жан дүниесінде не болып жатқанынан хабардар болуымыз керек және туындаған мәселелерінің шешімін таба білуге үйрету керек. Сонымен, балалар арасындағы қатыгездікті болдырмау тек өз қолымызда. Яғни, отбасы мен мектеп қабырғаларында балалардың әрбір мінез ерекшеліктері мен мінез- құлқындығы өзгерістерді үнемі көзден таса қалдырмау керек. Егер ата- ана мен ұстаздар тарапынан өзара бірлескен жұмыс болса, онда бала мінезіндегі өзгерістер мен іс- әрекеттеріндегі оғаш қылықтарының алдын алып, қажетті көмекті дер кезінде көсетсе, қатыгездіктің туындамауына септігі тиетіні даусыз.

Майнаш КИРЕБАЕВА,

Тихоокеанск орта мектебінің әлеуметтік педагогы.

Айжана МОЛДАЖАНОВА,

мектеп психологы.

## ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

COVID 19 коронавирустық пандемиясы аясында дәрігерлердің айтқандарын орындау маңызды. Олардың ешқайсысы бізге жаман нәрсе туралы кеңес бермейді. Интернетте, әрине, вакцинацияның зияндылығы, оның салдарынан келетін қауіп және көптеген әртүрлі қастандықтар туралы жалған ақпарат көп. Бір нәрсе маңызды: өзіңіздің және отбасыңыздың, сондай-ақ достарыңыздың өмірін сақтау үшін сізге имунитетті қорғау қажет және бұл вакцинация арқылы ғана мүмкін болады. Біз, қарт адамдар, қауіп-қатерге душармыз және ковидті жеңу үшін, менің ойымша, вакцинация алу керек деген ойдамын. Вакцина алып, сырқаттан сақтаныңыз!

Нина ПОПОВА,

Тайынша аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы.

# ҰЛАҒАТТЫ ӨМІР ЖОЛЫ

Гүлбану Қалыққызы - ұлағатты ұстаз, ақылшы әже, аяулы ана, сүйікті жар - аттарына әбден лайық жан, еңбек жолында 1- санатты Бастауыш сынып мұғалімі. Тайынша қаласындағы қазіргі № 3 орта мектебінің орнында В.Терешкова атындағы орыс тілінде оқытатын № 4 орта мектебі болған. Ол- осы мектептің түлегі. Газет тілшілерімен сұхбат кезінде кейіпкеріміздің айтқан естеліктерінен түйіндеме: «Теңдік ауылында өткен өмірім – менің бар ғұмырымның өмір мектебі», - деп өзі айтқандай ой-пікірімізді кейінгі жас буынға үлгі ете отырып көпшілікке ұсынамыз..... Сонау 1969 жылы небары 21 жасында ауылдық мектепке бастауыш сыныптың мұғалімі болып келген жас маман осы елде, зейнет жасына дейін бір жерде еңбек етемін деп ойлады ма екен?! Мұғалім мамандығымен алғашқы еңбек жолын шағын Октябрь елді мекенінде бастаған жас маман Теңдік ауылына келгенде 2 жыл еңбек өтілі болатын. Сөйтіп, ұстаздық еңбек жолындағы үшінші оқу жылын осы жерде жалғастырады. Келген бойда мектептің бастауыш сыныбында жас бүлдіршіндерге сабақ беріп, өзін жақсы жақтарынан байқата бастаған жас қызды, ауыл азаматтары да байқап қалыпты. Сол кездегі ауылдағы албырт жастардың бірі, отбасында кенже ұл, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп келіп, бірден елінде еңбекке араласқан Амангелді Қабдоллаұлының да қызға көзі түсіп, сөз салады. Сөйтіп, достық сезім махаббатқа ұласып Гүлбану Қалыққызы 1971 жылы үлкен әулетке келін болып түседі. Күндер жылжып өтіп жатты. Өмірге сәбилер келе бастады. Жолдасы болса, ол да еңбек десе еребейтін азамат, кез-келген көліктің құлағында ойнайтын жүргізуші. Бір кездері жеңіл көліктермен совхоз басшыларын тасыса, кейін автобус, тіпті жүк көліктерімен де жүргізуші болып, отбасының жағдайын жасап, қара шаңырақтың берекесін келтіреді. Үйдегі қарт ана мен әкенің де жағдайын жасап, келін мен бала шынымен де ата-ананың ризашылын алады. Ұлы Отан соғысының ардагері, Ұлы Жеңісті Венгрия елінде қарсы алған Қабдолла атамның бен отанасы, елдің сыйлы ақ жаулықты әжелерінің бірі болған - Асханжамал Жақыпбекқызы бейбіт өмірдің бал дәурен күндерін бірге көріп бақытты өмір сүреді. Әкеміз 73 жасында өмірден озып, ал атамның болса 82 жасқа дейін немерелерінің қызығын көріп, елдің қадірлі ақсақалдарының бірі болады. Бірақ, тағдырдың жазуы, әлде өмірдің қатал сынағы ма, атамның өмірінің соңғы 5 жылында ауырып, қолға қарап, төсек тартып жатып қалады..... «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы», - деген халық даналығы. Ұстаз сөзінің аясы кең. Өзгенің бақытты болуы үшін үйрету мен тәрбиелеуден жалықпайтын ұстаздар, жақсылық пен ізгіліктің шуағын шашып, өздерін де бақытты сезінетіні рас. «Ол кісінің алдынан білім өресі биік, рухани бай, парасатты, бойында адамгершіліктің асыл қасиеттері қалыптасқан азаматтар өсіп шыққанын көрдік», дейді жерлестері. Жалпы бала әлемін терең түсіну үшін олардың ата-аналарымен тығыз қарым-қатынаста болу керек десек, ол қасиет те біздің кейіпкердің бойында бар. Балалары мектепте оқыған жылдары ауылдағы Қ.Жүнісов, С.Садуақасов, М.Жұмабаев, В.Пентюк, В.Соколовский және тағы да көптеген отбасы үшін балаларының қолына алғашқы қалам ұстатқан ұстазы- олар үшін биік тұлға болды. Гүлбану Қалыққызы мектептегі әріптестерінің ортасында да үлкен беделге ие болған ұстаз. Ұзақ жылдардағы педагогтық еңбегінде ол қаншама жас ұстаздарға жетекші болып, мұғалімдіктің қыр-сырларына баулыды. Шәкірттерінің ұстазы болумен қатар, ата-аналардың да құрметті адамы болған ұстаз алдынан алғашқы білім баспалдағынан өткен шәкірттері еліміздің түкпір – түкпірінде еңбек атқаруда. Олар- Заң қызметкері, дәрігер, кәсіпкер, ішкі істер қызметкерлері. Солардың ішінде ұстаз мамандығымен ұстаз атанып, өмірін бала тәрбиесіне арнаған шәкірттерінің қатарында: Г.Букетова-Астана қаласында бастауыш сынып мұғалімі, білім саласында жүрген Д.Ибраева, С.Балтагереев, Д.Канафина бар. Сонымен қатар, ұстаздарымен жиі хабарласып тұратын шәкірттері:



А.Балтабекова, А.Мамбетова, И.Соколовская, И.Түпицын, Қ.Қасқұлақова және «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастауыш білім беру жөніндегі әдіскері-Н.Шарипова мен «Өрлеу» БАҰО филиалы Ақмола облысы бойынша ПҚБАИ жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы А.Аембаева, көптеген жылдар бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек атқарған С.Жетписова ұстаз еңбегін өте жоғары бағалайды. Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт-пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді. Осындай қасиеттердің барлығы дерлік-осы ұстаздың бойында бар. 38 жыл ұстаздық жолда көптеген шәкірттерге сапалы білім беріп, біршама белестерді бағындырып, көптеген жетістіктерге өзі де жете білді, шәкірттерінің жеткен жетістіктері де қаншама. **Шәкірттер ұстаз жайында ой толғайды:**

**«Әр ұстаздың әр шәкірт жүрегінен ойып тұрып орын алатын қасиеті болуға тиіс. Сондықтан, әрбір тұлға өмірінде үлкен тәрбие мен таусылмас білім ошағын санасына ұялатқан ұстазын мәңгілік есінде сақтайды. Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол- нағыз ұстаз. Мен үшін нағыз ұстаз-Гүлбану Қалыққызы,- дейді шәкірті Назгүл Шәріпова.**

**- Мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен ұштастыра алғанда ғана шын мәніндегі мұғалім болады. Міне, осындай сүйіспеншілікті менің бойыма ұштастыра білген, маған шын мәнінде үлгі-өнеге бола білетін ұстазым,- дейді,-барлық ұстаздық еңбек өтілінің 18 жылын бастауыш сыныпта өткізген ұстаз- Қымбат Оспанқызы.**

**Мен бүгінгі таңда білім нәрін бойыма дарыта білген ұстаздарымның арқасында, олардан алған білім мен үлгі-өнегенің көмегімен еңбек студемін. Бұл- мен үшін өте үлкен жетістік. Мен өзімнің сүйікті ұстазым Гүлбану апайымыздан баланың бойына ақыл-білім дәнін сеуіп, аялап, көңілін табуды, сонымен қатар, әрбір ұстаздың бойында болатын төзімділік, сыйлық, тазалық, адамгершілік, еңбек сүйгіштік сияқты жақсы қасиеттерді өміріме серік етіп өмір жолымда үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуды үйрендім,- дейді Аяжан Ешімбақызы.**


Ұстаздықтың қиын да, дара жолын өзінің отбасымен бірге қатар алып жүрген сүйікті жар, аяулы ана, ақылшы ұстаз Гүлбану Қалыққызының жауапкершілігі мол, терең білім иесі болуымен қатар, кемел адамдық қасиеттің де иесі. Бұған тағы бір дәлел – 5 жыл бойы төсек тартып жатқан қайын атасын бір қолдан балаша өзі мәпелеп күткені. Атасының ризашылығы, берген ақ батасының қабыл болғаны шығар біздің бүгінгі кейіпкеріміз- «Тайынша ауданының Еңбек ардагері» медалінің иегері, жолдасы, өмірлік серігі- Амангелді екеуі аман-есен бақытты өмір сүруде, ұлы Құлынтай, қыздары Клара мен Нүргүл өз алдарына бір-бір отау, әрқайсысының жоғары білімдеріне сай меңгерген мамандықтары бойынша еңбек етуде. Бүгінгі таңда әр баланың өзінің отбасы бар, ата-аналарына 9 немере, 5 шөбере сыйлаған тәрбиелі ұл-қыздар екенін көпшілік қолдайды. Құрметті ұстаз-ана! Алдағы күндеріңіздегі басқан әр қадамыңыз сәтті, өміріңіз қызық-қуанышқа толы болсын!

## ЕЖЕЛГІ ХАЛЫҚ ӨНЕРІНІҢ БІР ТҮРІ – ОЮ-ӨРНЕК

Бүгінгі таңда ою-өрнектерді жасау өнері сапалы және жаңашылдыққа ие бол болып, қазақ халқының рухани және материалдық қазынасына айналды. Қолданбалы өнер – қазақтың этномәдениетіндегі негізгі бөлімдердің бірі. Ғалымдардың пайымдауынша қазақ ұлттық ою-өрнектерінің 230-дай түрі анықталған. Ежелгі ою-өрнектердің мазмұнына көптеген ғасырлар бойы сақталып келген, қолданбалы өнер шеберлерінің толық көлемдегі дәстүрлері енгізілген. Ою-өрнектер ауызша халық шығармашылығына іспеттес, қазақ халқының мәдени шежіресі болып табылады. Осындай мәдени шежірені жандандырып, халқымыздың ұлттық өнерімен айналысып, тіпті бүгінгі таңда кәсібін табыс көзіне айналдырып отырған жандар қаншама. Әсіресе, жас қыз-келіншектер осынау ұлттық мәдениетіміздің бір саласы- ою-өрнекпен айналысуда. Сондай шеберлеріміздің бірі - Ботакөз Қасенова. Ол Тайынша ауданына қарасты Большезиом ауылының тұрғыны. Ол жасынан осы тігіншілікпен айналысуды әдетке айналдырған. Астанада Евразия университетінде оқып жүрген кезінде, кейін еңбекке араласқан кездері де қолөнерді өзіне серік еткен. Тұрмыс құрған 2006 жылдан бері отбасындағы басқа шаруашылықтар болса да, өзінің сүйікті ісіне біздің кейіпкеріміз уақыт тауып үнемі айналысып жүрген жайы бар. Басқалардан бір ерекшелігі қойдың жүнін түтіп, одан төсеніш көрпеше, ұйықтағанда жамылып жатар көрпе де жасайды. Түтілген жүннен жасалған көрпенің сыртын түрлі



ою-өрнекпен әрлеп, әсемдеп қаражат көзін тауып отыр. Жасынан оқу оқып, жоғары білім алып қандай жұмыс атқарса да, ешқашан қиындықтан қашпаған Ботакөз – отбасында аяулы ана, адал жар және қария атасы мен қайын шешесінің де көңілінен шығып отырған инабатты келін. Отбасында ата-ананың қуаныштары: Аяулым – 7 сыныпта, Аймерей 4 сыныпта, ал кішкентай Айшат болса, 1 сыныпта оқиды екен. Қазір елімізде еңбекпен айналысамын деген адамдарға, әсіресе, жастарға барлық жағдайлар жасалуда. Түрлі Еңбек бағдарламалары да бар. Сондай Бастау бағдарламасы бойынша арнайы курсты аяқтап, арнайы грантқа ие болған Ботакөз, ойланбастан жүн түтетін машина сатып алып, бүгінгі таңда



сол еңбегімен отбасына кіріс кіргізіп отыр. Қолөнер жұмысына жасынан ыңғайы бар Ботакөз бұл ісіне де асқан жауапкершілікпен қарап, техниканың тілін тапқан. Жүнді түту арқылы дайын өнім алып, одан жұқа көрпешелер мен басқа да бұйымдар жасайды. Дайын өнімдері қолма-қол саудаланып, тұтынушыларға қуаныш сыйлайды. Ұзатылатын қызға, түрлі той-домалақтарға сыйлық қажет болса, ойланбастан осы қолөнер шеберіне тапсырыс беруге болады. Көпшіліктің көңілінен шығып жүрген, біздің кейіпкеріміздің осы өнеріне нағашы апасы мен өз әжесінің көп қатысы бар екенін білдік. Оның бір ғана себебі: қос ана екеуі де қолдарынан өнер тамған ұлттық қолөнер, яғни ою-өрнектің қас шеберлері болған екен. Міне, Ақмола облысы, Қорғалы ауданы, Қараегін ауылының тумасы Ботакөз Болатқызының өмірінің бір белесі осындай. Алдағы күндеріне сәттілік, отбасына береке – бірлік тілейміз. Алға қойған мақсаттарыңыз орындалып, биік белестерден көріне беріңіз!

